


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Постколониалды зерттеулер





Мақсаты: отаршылдықтан кейінгі зерттеулермен таныстыру, бодан халықтар мен үстем ұлттар арасындағы мәдени байланыстарды түсіндіру және шығыс халықтарына телінген ғылыми негізі жоқ түсініктердің сұлбасын таныту.

Кілт сөздер: отаршылдық, Шығыс пен Батыс, империя, мәдениет, әдебиет, билік, стереотиптер.

Бүгін біз постколониализм теориясы туралы әңгіме өрбітеміз. Аты айтып тұрғанындай, постколониализм дегеніміздің өзі отаршылдықтан кейінгі кезеңдерді арнайы ғылыми зерделеуді мақсат тұтатын пән болып саналады. Ол бүгінде тек қана әдебиеттану ғылымында ғана емес, гуманитарлық ғылымдардың кез келген саласында үстемдік етіп отырған заманауи үрдістердің санатына жатады. Бүгінгі дәрісіміз өткен сабағымыздың заңды жалғасындай немесе сонымен тікелей сабақтасып жатқан тақырып деуге толық негіз бар. Өйткені байырғы, жергілікті халықтардың мәдениеті мен әдебиеті, олардың тарихы мен тағдыры, отарлаушы елдердің саяси-экономикалық жүйесімен тікелей ұштастыра зерделенгенде ғана белгілі бір ғылыми негізді тұжырымдар жасауға болатынын ескеруіміз керек.

Постколониалды теория, отаршылдықтан кейінгі зерттеулер, постколониализм сынды терминдер аталмыш ғылыми пәнді танытушы сабақтас ұғымдар болып табылады. Постколониалды теория философия, кино, саяси ғылымдар мен әлеуметтік-экономикалық география, әлеуметтану, феминизм, дін және әдеби сын секілді салалармен тығыз байланысты. Оның пәнаралық зерттеулерге барынша ашық болуының себебі де осында болса керек. Отаршылдықтың салып кеткен соқпағын, колониализм қалдырған мәдени мұраны қайта сараптаудан туындаған мұндай зерттеулер өткен ғасырдың сексенінші жылдарында жарық көре бастады. Оның бастауында Батыс философиясының XX ғасырдағы көрнекті өкілдері Жак Деррида, Мишель Фуко, Жиль Делез сынды ғалымдар тұрғанын айта кеткен жөн. Сонымен бірге Франц Фанонның ғылыми мұрасы да отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің мәнін арттырып, салмағын күшейткен еңбектер болды. Дегенмен постколониализм теориясы туралы сөз қаузалғанда бірден ауызға оралатын есім – әйгілі ғалым Эдуард Саид. Сондай-ақ, Хоми Баба, Гаятри Спивак сынды ғалымдар да отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің көрнекті өкілдерінің қатарына кіреді.

Жалпы, постколониалды теорияның нысанына ілігетін мәселелер қатарында біз дискурстық талдауды, гендерлік теория мен мәдени зерттеулерді және медиа саласындағы ғылыми ізденістерді айтсақ та жеткілікті, яғни мұның ең басты арналары осылар. Отаршылықтың зардабын тартып, бодандықтың қамытын киген елдердің мәдени-психологиялық бітімі, ең алдымен, олардың әдебиетінен, сөз өнерінен айқын көрініс табатыны жасырын емес. Өйткені әдебиет арқылы біз халықтың ойлау жүйесін, тұрмыс-тынысын, өзіне тән дарылығын – бәрін тани аламыз. Демек отаршылықтан қалған рухани дерттер мен стереотиптердің шынайы үлгілерін таныту үшін ғалымдар әдебиетке соқпай өте алмайды екен. Жалпы, әдебиеттану ғылымындағы постколониалды зерттеулер XX ғасырдың жетпісінші жылдарында жариялана бастады. Оның қалыптасуына деконструктивизмнің, жаңа историзм мен психоанализдің, феминизм мен марксизмнің ықпалы орасан болды. Сонымен бірге Палестинада туған америкалық ғалым Эдуард Саидтің «Ориентализм» деп аталатын 1978 жылы жарыққа шыққан кітабы отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің айрықша танымал болуына және әлеуметтік ғылым салаларының бәрінде дерлік осы бағыттағы ғылыми ізденістердің көптеп жасалуына түрткі болды.

Мысалы, саясаттанушылар отаршылдықты үстем елдердің бодан болған халықтар үстінен билік жүргізіп, өз мүдделеріне сай әрекет етуге мәжбүрлейтін шаралар жиынтығы ретінде қарастырады. Ал экономистер отарланған өңірдің экономикасын билік жүргізуші елдердің қажеттілігіне, олардың әлемдік нарықтағы пайдасына бағындырудың басты ерекшелігі деп санайды.

Сонымен бірге, мәдени отаршылдық деген де болады. Бұл, отарлаудың ең қауіпті түрі болып табылады. Себебі мәдени-рухани отарлау арқылы кез келген халықты саяси және экономикалық тұрғыдан бодан қып ұстауға жол ашылады екен. Шындап келгенде, мәдени отаршылдықтың түпкі мақсаты да сол, үстем елдің саясаты мен экономикасын қолдауға бағытталады. Жалпы,



мәдени және саяси постколониализм дегеніміздің өзі адамдар мен топтардың құндылықтар жүйесін біртіндеп өзгертуге бағытталған идеологиялық механизмдердің жиынтығы екен. Ол, әдетте, ұзақ уақыттық процесс болады. Ғалымдардың пікірінше, постколониализм басты-басты үш түрге бөлінеді. Оның біріншісі «постколониалдылық дегеніміз не?» деген сұраққа жан-жақты жауап іздейді. Екіншісі колониалдық дискурстарды деконструктивтік тұрғыдан қайта сарапқа салады. Ал үшінші бағыты бұрын отар болған мәдениеттерді арнайы зерттеу нысанына алады. Өздеріңіз байқап отырғандарыңыздай, осындай күрделі де күрмеулі мәселелердің шынайы болмысын ашып беру үшін постколониалды зерттеулерде ғалымдар әртүрлі теориялық әдістер мен модельдерді қолданады. Халықтардың мәдени бейнесін таныту үшін олар барынша объективті әрі әділ ғылыми байламдар жасауға ұмтылады. Осы орайда, отаршылдықтан кейінгі зерттеулерде ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылықтар, мәдени әмбебаптық, мәдени гибридтілік пен мәдени-рухани ерекшелік, тілдік мәселелер мен тарихи жайттар арнайы сөз етіледі.

Сондай-ақ, отаршылдықтан кейінгі зерттеулерде диаспора, гибридтік, екіұштылық, ишара (мирика), местизаже, креолизация сынды терминдер жиі қолданылады. Тарихта империялық үстемдікті жүргізген елдердің бәрінде дерлік бүгінде өздеріне отар болған елдердің диаспоралары өмір сүреді. Мысалы, Ресейде ортаазиялықтарды, Францияда арабтарды, Британияда үнділерді көптеп кезіктіруге болады. Англияда кезінде осы елге бодан болған халықтардың өкілдері аз емес. Олардың көбі тұманды Альбион еліне біржолата қоныс аударып, ағылшын мәдениетін бойына сіңіріп, ағылшындық болып кеткен.

Жоғарыда айтқанымыздай, отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің табиғатын түсіну үшін біз оның көрнекті өкілдерінің шығармашылығымен таныс болуымыз керек. Әсіресе, Эдуард Саидтың орны ерекше. Оның «Ориентализм» деп аталатын зерттеу еңбегі ғылыми қауым арасында өте қызу пікірталастардың тууына түрткі болды. Соның нәтижесінде ғылымда жеке-дара отаршылдықтан кейінгі зерттеулер деген атпен белгілі ғылыми пәннің негізі қаланды. Э. Саид империялық елдердің өздерін бағынушы елдерге түсіндіру үшін пайда болған дискурс туралы жан-жақты баяндап берді. Ғалымның пікірінше, ориенталистік, яғни шығысқа қатысты зерттеулер тек қана империялық ережелердің үстем болуы үшін ғана емес, сонымен бірге отар елдерді басқару жүйесін де жетілдіріп, оны жеңілдетуге сеп болды. Отарланған халықтар басып алушы елдердің түсінік-пайымына сай түрде қолдан жасалынған стереотиптердің шеңберінде танылды. Сол арқылы қабылданды. Мұндай схематикалық, шектеулі қабылдаулар отарланған халықтардың жеке көзқарастарын ашық айтуға тосқауыл болды, адам құқықтары аяққа тапталып, өз жері мен елін басқару мүмкіндігін келмеске кетірді.

Отаршылдықтан кейінгі зерттеулерге қатысты бірнеше маңызды есімдер мен ұғымдар бар. Эдвард Саидтің ориентализмі империализмнің зияткерлік және мәдени дискурс арнасында қалай жұмыс істегенінің маңызды диагнозы бола алады. Империализм қалайда ақталу керек болды. Сондықтан да отар елдердің мәдениетін ғылыми зерттеудің нысанына айналдырған шығыстану секілді ғылым саласы пайда болды. Байқасаңыз, Батыстану деген іргелі ғылым саласы жоқ. Алайда жер-жерде, ел-елде әлі күнге дейін шығыстану орталықтары мен институттары шаш етекпен. Мұның өзі отаршылдық пиғылдың бір белгісін танытатын маңызды фактор бола алады. Міне, шығыстану дегеніміз, көп жағдайда, империялық басқару жүйесін оңтайландырған стереотиптердің жиынтығы болатын.

Эдуард Саидтің пікірінше, шығыс дегеніміздің өзі – толықтай еуропалықтар негіздеген түсінік. Ол антикалық дәуірлерден бері романтиканың, экзотикалық әлемнің, фантастикалық ландшафтар мен ерекше әсерлердің ордасы ретінде сипатталды. Шығыс халықтарының өз әлемі туралы жасаған тұжырымдары көбіне-көп қабылданбайтын, өйткені ол қисынсыз секілді. Есесіне, батыстықтар шығыс халықтарына сипаттама беріп, айдар тақты. Міне, отарлаушылықтың тарихына қарайтын болсақ, шартты түрде болса да, әлемдегі халықтарды сипаттама бергендер және сипаттама берілгендер деп екіге жіктеп көрсетуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, Батыс Шығыс жұртшылығына сипаттама беріп, әртүрлі стереотиптердің тууына түрткі болды.

Шығыс Батыстың мүддесі мен оның қатысын білдіретін тарихы мен ойлау дәстүрі, образды қатары мен төл сөздік қоры бар идея болып саналады. Осылайша, аталған екі географиялық нысан бір-біріне белгілі бір деңгейде әсер етеді. Шығыстың идеяларын, тарихы мен дәстүрін



биліктің конфигурациясынсыз түсіне алмаймыз. Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасы дегеніміз – күштер мен үстемдіктің, әртүрлі сатыдағы комплексті гегомениялардың қатынасы деген сөз.

Эдуард Саид осы уақытқа дейінгі жазылған сансыз мәтіндерді жинақтап, ондағы авторлық позицияны танытатын бірліктерге талдау жасайды. Ол Шығыс туралы жазған кез келген автордың оған дейінгі, бұрыннан қалыптасып қалған Шығыс әлемі туралы ішкі ұстанымдары мен көзқарастар жүйесінің бар екенін айтады. Сонымен қатар, Шығыс туралы жазылған әрбір еңбек басқа ғылыми еңбектермен, белгілі бір аудитория мен институттармен, тіпті Шығыстың өзімен тікелей байланыста болады. Шындап келгенде, мұндай таныстырылымдар мен сипаттаулардың бәрі де Шығыстың шын бейнесін танытатын материалдар емес екен. Әдетте, шындықпен жанасады деп есептелінетін тарихи, филологиялық талдаулар мен саяси келісімдер де, көркем ой мен қиялдың жемісі болып саналатын әдеби туындылар да аталған қасиеттен арыла алмаған. Жалпы, батыстық үлгіден шыққан кез келген мәтіннің астарында шығысқа қатысты қате түсініктер мен сипаттаулар орнығып қалған. Нысанның дұрыстығына немесе оның түпнұсқаға сәй келетініне емес, ең алдымен, оның стиліне, сөйлеу мәнеріне, жағдайына, баяндау жүйесінің ерекшелігіне, тарихи және әлеуметтік жағдайына мән беру керек. Маркстің мынадай сөзі бар. «Олар өз-өзін таныта алмайды, оларды басқалар танытуға тиіс!». Міне, ориенталистердің пікірінше, осы уақытқа дейін Шығыс өзін дұрыс сипаттай алмай келді, сондықтан бұл міндетті Батыс өз мойнына алып, оларға шынайы баға беруге кірісіпті. Мінеки, осындай мәселелерге көз жіберген Эдуард Саид қазіргі ғылымның ең басты міндеттерінің бірі ориентализмге балама боларлық шынайы әрі объективті түрдегі методологиялық жүйе жасау екенін айтады. Ол саясат пен идеологияның шеңбер-шырмауына шатылмайтын, барынша адал әдістеме болуға тиіс. Осы арқылы ғана білім мен билік қатынасының комплексті мәселелеріне қайта баға беруге, сондай-ақ өткен қателіктің бәрін түзетуге болады деп түсінді. Оның «Ориентализм» деп аталатын кітабы осындай мақсаттан туған алғашқы ғылыми еңбектің бірі еді.

Әдебиеттанушылар мен сыншылар үшін ориентализм қоғам, тарих және мәтін арасындағы қарым-қатынастың тамаша үлгісі бола алады. Автор осы арқылы «үшінші әлем» деген айдар тағылған елдердің оқырмандары үшін батыстың күшті мәдени дискурсын түсінуге жол ашады. Аталған дискурс көбінесе қате пайымдауларға толы болатын. Эдуард Саид көтерген мәселелердің бірі болып саналатын мәдени үстемдіктің механизмі мен тетіктері, әсіресе, жақында ғана отаршылдық қамытынан босанған, еркіндігін алып, тәуелсіздігін жариялаған халықтар үшін аса маңызды болып саналады екен. Сонымен бірге, мұндай механизмді өзіне немесе өзге халықтарға пайдаланудың айрықша қатерлі әрі қате екенін ұғындыруды көздейді. Эдуард Саидтің бұдан кейін де бірнеше еңбегі жарық көрді. Ол өзінің барлық кітаптарында аталмыш теорияны тереңдетіп, індетте зерттеп, барынша ғылыми негізді тұжырымдар жасауға тырысты. Әсіресе, оның 1993 жылы жарыққа шыққан «Мәдениет және империализм» деп аталатын кітабының маңызы бөлек. Өйткені, аталған еңбегінде ол қазіргі әлемдегі мәдениет пен әдебиеттегі постколониалдық дискурстың мәнін ашып, сөз өнеріндегі империализмнің интерпретациясына үңіледі. Ол тек бір ғана аймақпен шектеліп қалмай, еуропалық дәстүр мен стандарттар орнығып қалған әлемнің көптеген елдерінің мысалында өз ойларын дәлелдеп шығады.

Жалпы, әдебиеттану ғылымына қатысты айтылатын отаршылдықтан кейінгі зерттеулер көбінесе ағылшын тілді әдебиетпен тікелей байланыстырыла қарастырылады. Бұған дейін мұндай зерттеулер негізінен екі түрлі бағытта дамыды. Біріншіден, Англия тәрізді елдердің отарында болған байырғы елдердің еркіндікке қол жеткізіп, егемендігін алған тұстағы жазушыларының шығармашылық әлемін зерттеу нысанына алса, екіншіден, империализмнің өзіне тән дискурсы мен әдебиетін зерделеуге ден қойды. Ал бүгінгі таңда отаршылдықтан кейінгі зерттеулер жаһандық деңгейде ағылшын тілін жаппай меңгеру тәрізді үлкен тарихи бастамаға ұласып отырғанын көріп отырмыз. «Империализм» мен «жаһандану» деген сөздердің осы орайда бір-бірімен жақын ұғымдар екенін түсінуге болады.

Отаршылдықтан кейінгі зерттеулермен айналысатын әдебиеттанушы ғалымдар империялық теңгерімнің екі басын бірдей зерделеуге тырысады. Әдетте, кейбіреулер метрополия мен империялық орталықта империяның болғандығын ақтаған немесе оны растауға бейім



дискурстарға алаңдаушылық білдіреді. Мәселен, оқырмандардың көбі «Джен Эйрді» Викториялық әйелге тән нәзіктік туралы әңгіме ретінде білетін. Алайда постколониалды теорияны қару еткен зерттеушілер, шындығында, бұл әңгімеге империяның тарихы ретінде қарау керектігін үйретті.

Отаршылдықтан кейінгі зерттеулермен айналысатын кейбір ғалымдар Үндістан секілді империялық мәдениеттің ізі қалған елдердегі мәдени бағыттарды зерттеу нысанына алады. Кейде Үндістаннан шыққан қаламгерлер ағылшын жазушыларына көзсіз еліктегендей көрінуі мүмкін. Асылында, отаршылдардың мәдениетіне жалаң еліктегендей қалып танытқанымен, олардың шығармаларының түп негізінде тәуелсіздікке деген ұмтылыстар мен халықтың өзіне ғана тән даралығын танытатын қасиет-белгілердің сарыны айқын аңғарылып тұрады. Отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің аясы кеңейіп, ендігі кезекте тек ағылшын отаршылдығына ғана қатысты қарастырылып қоймай, жалпы, басқа да империалистік пиғылдағы алпауыт елдердің қол астында болған халықтардың әдебиеті мен мәдениетін де қамти бастады деуге негіз бар. Бұл орайда, Орталық Азия елдерінің мәдениеті мен әдебиетін де аталмыш теорияның мүмкіндіктері аясында қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Отаршылдықтан кейінгі зерттеулерде ең алдымен қандай мәселелер басты назарда тұрады?
2. Эдуард Саидтің пікіріне сүйене отырып, Шығыс сөзінің мәнін ашып беріңіз.
3. Постколониалды теорияның негізгі өкілдерін атаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Африка: колониализм и антиколониализм (XIX–XX вв.): Сб. Ст. / АН СССР. Ин-т Африки; [Редкол.: С.Ю. Абрамова (отв.ред.) и др.]. – М.: Наука, 1990.
2. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы: 10 томдық. Т.4.: Мәдениет және ориентализм / Құраст.: Ә. Наурызбаева. – Алматы: Жазушы, 2006. – 496 б.
3. Халфин, Нафтула Аронович. Янки на Востоке в XIX веке, или Колониализм без империи / Халфин, Нафтула Аронович, А.А. Мурадян. – М.: Мысль, 1966. – 200 б.